

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2025 жылғы 23 маусымдағы № 19)
б е к і т і л д і

2025 жылғы 23 маусымнан бастап
қолданысқа енгізілді

Инсайдерлік ақпараттың пайдаланылуын бақылау **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Осы Ережелер "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі – Заң), "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

1-бап. Негізгі ұғымдар

1. Осы Ережелерде келесі терминдер, анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:
 - 1) жалпыға бірдей қолжетімді ақпарат – жалпыға бірдей қолжетімді ақпарат негізінде дайындалған; осындай ақпаратты иеленуші және/немесе ұстаушы оны пайдалану шарттарын көрсетпей беретін немесе тарататын, қол жеткізуді шектеуді талап етпейтін және ондай шектеуі жоқ ақпарат;
 - 2) жауапты бөлімше – Биржаның шартты жасасуға, өзгертуге немесе бұзуға бастамашылық жасайтын, шарттың техникалық сипаттамасында көрсетілген талаптардың Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігін тексеретін және шарт жасасуды ұйымдастыруды қамтамасыз ету, сонымен қатар шарт талаптарының тиісінше орындалуын бақылау және оған мониторинг жүргізу үшін жауапты құрылымдық бөлімшесі, оның ішінде сатып алу бөлімшесі (сатып алу шарттары бойынша), HR бөлімшесі (азаматтық-құқықтық шарттар бойынша);
 - 3) инсайдер – инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлға;
 - 4) инсайдерлер тізімі – Биржаның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалардың тізімі;
 - 5) инсайдерлік ақпарат – бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы, олармен жасалған мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (ұсынған) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, ашып көрсетілуі бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнының өзгеруіне және Биржаның қызметіне ықпал етуі мүмкін шынайы ақпарат;
 - 6) ҚЕД – Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын қаржылық есептілік депозитарийі;
 - 7) жұмыскерлердің тізімі – Биржа инсайдер деп танылған бағалы қағаздар эмитенттерінің инсайдерлік ақпаратына өзінің қызмет бабына және еңбек міндеттеріне байланысты қол жеткізе алатын Биржа жұмыскерлерінің тізімі;
 - 8) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;
 - 9) is2in жүйесі – бағалы қағаздар эмитенттерімен "ISSUERS TO INVESTORS" электрондық құжат айналымының мамандандырылған жүйесі.
2. Осы Ережелерде пайдаланылатын басқа ұғымдар, терминдер мен шартты белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген ұғымдармен, терминдермен және шартты белгілермен бірдей.

2-бап.

Жалпы қағидалар

1. Бұл Ережелерде төмендегі ақпарат қамтылған:
 - 1) инсайдерлік ақпарат болып табылатын ақпараттың тізбесі;
 - 2) Биржаның инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету тәртібі мен мерзімдері;
 - 3) инсайдер деп танылған тұлғалардың тізімі, инсайдерлердің тізімін жүргізу, өзекті ету, сондай-ақ осы тізімнен шығару тәртібі;
 - 4) адамдарды осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген тізімге енгізген (тізімнен алып тастаған) жағдайларда оларды хабардар ету, сондай-ақ оларды осы Ережелердің және Қазақстан Республикасы заңнамасының инсайдерлік ақпаратқа билік ету және оны пайдалану жөніндегі талаптары туралы хабардар ету тәртібі мен мерзімдері;
 - 5) инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;
 - 6) инсайдерлік ақпаратты пайдалануға рұқсатты шектеу және оған мониторинг жүргізу тәртібі;
 - 7) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалануға жол бермеу жөніндегі шаралар;
 - 8) Биржа жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының инсайдерлік ақпаратқа билік етуге және оны пайдалануға белгіленген шектеуді реттейтін заңнамасының және осы Ережелердің талаптарын, оның ішінде инсайдерлік ақпаратты пайдалана отырып мәміле жасасуға жол бермеу жөніндегі шараларды сақтауын бақылауды жүзеге асыру тәртібі;
 - 9) Биржа инсайдер деп танылған бағалы қағаздар эмитенттерінің инсайдерлік ақпаратына өзінің қызмет бабына және еңбек міндеттеріне байланысты қол жеткізе алатын Биржа жұмыскерлерінің тізімін жүргізу тәртібі;
 - 10) Биржа инсайдер деп танылған бағалы қағаздар эмитенттерінің инсайдерлік ақпаратын Биржа жұмыскерлерінің пайдалануына тыйым салуға қатысты Заңның және осы Ережелердің талаптары туралы Биржа жұмыскерлерін хабардар ету тәртібі;
 - 11) өзінің қызмет бабына және еңбек міндеттеріне байланысты бағалы қағаздар эмитенттерінің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Биржа жұмыскерлері туралы Биржа инсайдер деп танылған бағалы қағаздар эмитенттерін осы Ережелерде белгіленген мерзімде хабардар ету тәртібі мен мерзімдері;
 - 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережелерде көзделген өзге шараларды жүзеге асыру.
2. Биржаның инсайдерлері осы Ережелерді оқып танысуға және сақтауға міндетті.
3. Осы Ережелер, оларға енгізілген толықтыру мен өзгерістер мемлекеттік және орыс тілдерінде ҚЕД интернет-ресурсында, сондай-ақ Биржаның интернет-ресурсында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жариялануға тиіс және, осы Ережелердің көшірмелерін беру үшін оларды әзірлеу құнынан аспайтын мөлшерде алынатын төлемді қоспағанда, Биржа мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша тегін береді.

3-бап.

Биржаның инсайдерлік ақпараты

1. Биржаның инсайдерлік ақпаратына төмендегі ақпарат түрлері (қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей) жатады:

- 1) егер эмитенттің мүліктік және қаржылық жағдайына тигізетін салдарына байланысты бұл ақпараттың осы эмитент шығарған (берген) бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына әсер етуге ықпалы болса, ол ресми түрде жария етілген (жарияланған) сәтке дейін инсайдерлік ақпаратқа жататын Биржа қызметіне қатысты жалпыға бірдей қолжетімді емес ақпарат;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және биржалық ақпаратты тарату тәртібін реттейтін Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес осындай ақпаратты тарату жағдайларын қоспағанда, сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу, клирингіні, есеп айырысуды және банк операцияларының жекелеген түрін жүзеге асыру барысында Биржа алатын және қалыптастыратын ақпарат;
 - 3) Биржа қадағалау қызметін жүзеге асыру барысында алатын және қалыптастыратын ақпарат;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасының және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес сауда-саттықты ұйымдастырушы ретінде Биржа өзінің мүшелерінен алатын ақпарат;
 - 5) Биржаның ресми тізіміне енгізілген және/немесе Биржада айналыста жүрген бағалы қағаздардың эмитенттерінен Биржа сауда-саттықты ұйымдастырушы ретінде алатын ақпарат.
2. Төмендегі ақпарат инсайдерлік ақпаратқа жатпайды:
- 1) инвестициялық шешім қабылдау және/немесе нұсқау әзірлеу мақсатында, немесе бағалы қағаздармен (туында қаржы құралдарымен) операция жүргізуге ұсыныс жасау мақсатында бағалы қағаздың (туынды қаржы құралының) құнына қатысты, бағалы қағаздың эмитентінің мүліктік жағдайына қатысты көпшілікке қолжетімді мәлімет, оған қоса зерттеу, болжам жаау және бағалау негізінде әзірленген ақпарат;
 - 2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;
 - 3) дереккөзі белгісіз және көпшілік арасында үшінші тұлғалар тарататын расталмаған ақпарат, сондай-ақ бағалы қағаздардың эмитентінің ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар.
3. Инсайдерлік ақпараттың тізбесі осы Ережелердің 1-қосымшасында белгіленген.
- Инсайдерлік ақпараттың тізбесін қызметінде инсайдерлік ақпарат пайдаланылатын Биржаның құрылымдық бөлімшелері ұсынған деректер негізінде комплаенс бөлімшесі қалыптастырады және жаңартады. Инсайдерлік ақпараттың тізімі қажеттілігіне қарай жаңартылуға тиіс.

4-бап.

Биржаның инсайдерлік ақпаратын ашып көрсету тәртібі мен мерзімдері

1. Бағалы қағаздар эмитенті ретінде Биржаның Заң бойынша Биржа ашып көрсетуге тиіс ақпарат пен құжаттар тізіміне енгізілген инсайдерлік ақпараты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде ҚЕД интернет-ресурсында жарияланады.
2. Бағалы қағаздар эмитенті ретінде Биржаның осы баптың 1-тармағында көрсетілген ақпарат пен құжаттар тізбесіне енгізілмеген инсайдерлік ақпараты Биржаның www.kase.kz ресми интернет-ресурсында осы Ережелердің 1-қосымшасында белгіленген мерзімде ашып көрсетіледі.
3. Осы Ереженің 1-қосымшасындағы кестенің 1.19–1.21-жолдарында көрсетілген Биржаның инсайдерлік ақпаратын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда соттар және/немесе уәкілетті орган ашып көрсетеді.

4. Биржаның инсайдерлік ақпаратын бірнеше ақпарат көзі арқылы ашып көрсеткен кезде, инсайдерлік ақпаратты бірінші рет орналастырған (жариялаған) күн ақпаратты ашып көрсету күні болып есептеледі.
5. Сауда-саттықты ұйымдастырушы ретінде Биржаның инсайдерлік ақпараты Биржаның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және шарттармен Биржаның www.kase.kz ресми интернет-ресурсында ашып көрсетіледі.
6. Биржа және Биржаның инсайдерлері деп танылған тұлғалар инсайдерлік ақпаратты ресми түрде ашып көрсеткен (жариялаған) сәтке дейін оның құпиялылығын қамтамасыз етеді. Егер Биржаның қандай да бір инсайдерлік ақпараты ашып көрсетілуге тиіс болмаса, Биржа және Биржаның инсайдерлері деп танылған тұлғалар мұндай ақпараттың құпиялылығын тұрақты түрде қамтамасыз етеді.
7. Инсайдерлік ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап инсайдерлік ақпарат болмайды және көпшілікке қолжетімді болып саналады.

5-бап.

Биржаның инсайдерлері

1. Биржаның инсайдерлері болып төменде көрсетілген тұлғалар танылады:
 - 1) қызмет бабына орай инсайдерлік ақпаратты алуға рұқсаты бар Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелері;
 - 2) қызмет бабына орай инсайдерлік ақпаратты алуға рұқсаты бар Биржаның Листинг комиссиясының мүшелері;
 - 3) қызмет бабына орай және қызметтік міндеттеріне сәйкес инсайдерлік ақпаратты алуға рұқсаты бар Басқарма мүшелері және Биржаның басқа да жұмыскерлері;
 - 4) Биржаның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталындағы үлесінің) он және одан көп пайызын тікелей немесе жанама түрде иеленуіне, пайдалануына және/немесе билік етуіне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын жеке адамдар және/немесе заңды тұлғалар;
 - 5) инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету талабын көздеп жасалған (оның ішінде ауызша жасалған) шарттарға сәйкес Биржаға қызмет көрсететін аудиторлық ұйымдар, бағалаушылар, оған қоса бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мен басқа заңды тұлғалар;
 - 6) өздеріне берілген функциялары мен өкілеттіктеріне байланысты Биржаның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының жұмыскерлері мен мемлекеттік қызметшілер;
 - 7) өздеріне берілген өкілеттігі аясында инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын, Биржа мүшесі болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіби ұйымдар және осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар;
 - 8) осы тармақтың 4), 5) және 7) тармақшаларында көрсетілген, өзінің қызмет бабына және еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын ұйымдардың жұмыскерлері;
 - 9) осы тармақтың 1)-8) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпаратты алған тұлғалар.

6-бап.

Инсайдерлер мен жұмыскерлер тізбесін қалыптастыру, инсайдерлер мен жұмыскерлер тізіміне енгізу (тізімінен алып тастау) туралы хабардар ету тәртібі, оларды есепке алу және сақтау

1. Комплаенс бөлімшесі осы Ережелердің 5-бабының 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды осы Ережелердің 2-қосымшасында көрсетілген нысанда инсайдерлердің тізіміне қосады.
2. Биржа соларға қатысты инсайдер деп танылған бағалы қағаздар эмитенттерін хабардар ету үшін Биржа осы эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз жұмыскерлерінің тізімін жүргізеді. Жұмыскерлердің тізімін осы Ережелердің 3-қосымшасында көзделген нысан бойынша Комплаенс бөлімшесі жасайды. Жұмыскерлер тізіміне осы Ережелердің 5-бабының 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген адамдар енгізіледі.
3. Комплаенс бөлімшесі инсайдерлердің тізімі мен жұмыскерлердің тізімін осы Ережелерде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тоқсан сайын жаңартып отырады.
4. Биржаның бөлімшелері тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей комплаенс бөлімшесіне төмендегі ақпаратты береді:
 - HR бөлімшесі есепті тоқсандағы кадрлық өзгерістер (жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, ауыстыру) туралы;
 - заң бөлімшесі осы Ережелердің 5-бабының 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген тұлғалармен жасалған шарттар туралы.

Ережелердің осы тармағының екінші абзацында көрсетілген есепті тоқсандағы кадрлық өзгерістер (жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, ауыстыру) туралы мәліметтерді де HR бөлімшесі есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей қадағалау бөлімшесіне береді.
5. Биржа бөлімшелері Биржаның Директорлар кеңесінің шешіміне өзгеріс енгізілген/күшіне енген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде комплаенс бөлімшесіне төмендегі ақпаратты береді:
 - корпоративтік хатшы қызметі Биржаның Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгеріс туралы;
 - листинг бөлімшесі Биржаның Листинг комиссиясының құрамындағы өзгеріс туралы;
 - мониторинг бөлімшесі кандидаттың Биржа мүшесі болып қабылдағаны туралы.
6. Комплаенс бөлімшесі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-інен (жиырма бесінен) кешіктірмей қадағалау бөлімшесіне жетекшілік ететін Басқарма мүшесі қол қойған:
 - 1) инсайдерлердің тізімі мен жұмыскерлердің тізімін қадағалау бөлімшесіне;
 - 2) жұмыскерлердің тізімін мониторинг бөлімшесіне жолдайды.
7. Бағалы қағаздар эмитенттерін хабардар ету мониторинг бөлімшесінің есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей осы баптың 2-тармағында көрсетілген жұмыскерлердің тізімін is2in жүйесінде орналастыруы арқылы жүзеге асырылады.
8. осы Ережелердің 5-бабының 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген адамдарды жұмыскерлер тізіміне және инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарлама осы Ережелердің 4-қосымшасында көрсетілген нысандағы хабарламаға HR бөлімшесінің жаңадан қабылданған жұмыскерлердің олар Биржаға жұмысқа қабылданған күні, ал осы тізімдерден алып тасталғаны туралы хабарлама жұмыскердің Биржамен жасалған шарты бұзылған күні хабарламаға қол қойғызуы арқылы жасалады.

Осы Ережелердің 5-бабының 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген тұлғаларды инсайдерлер тізіміне енгізу (тізімнен алып тастау) туралы хабарламаны корпоративтік хатшы қызметі осы Ережелердің 5-қосымшасында көзделген нысан бойынша Биржаның дауыс беретін акцияларының 10 (он) немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама түрде иелену, пайдалану және/немесе билік ету фактісі туындаған немесе осындай иелену, пайдалану және/немесе билік ету тоқтатылған күні жасайды.

Осы Ережелердің 5-бабының 1-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген адамдарды инсайдерлер тізіміне енгізу (тізімнен алып тастау) туралы хабарлама осы Ережелердің 6-қосымшасында көзделген нысан бойынша қалыптастырылады. Инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарламаға жауапты бөлімше Биржамен шарт жасалған күні, ал инсайдерлер тізімінен алып тастау туралы хабарламаға Биржамен жасалған шарт бұзылған күні қол қояды.

Биржа мүшелері, оның ішінде бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары үшін инсайдерлер тізіміне енгізу (тізімнен алып тастау) туралы хабарламаны мониторинг бөлімшесі олар Биржа мүшесі болып қабылданған немесе Биржа мүшесі болу тоқтатылған күні кез келген нысанда қалыптастырады.

9. Жұмыскерлерді және/немесе инсайдерлерді тізімге енгізу (тізімнен алып тастау) туралы хабарламалардың көшірмелерін осы баптың 8-тармағында көрсетілген бөлімшелер адресаттарға электрондық пошта арқылы жібереді немесе олар тізімге енгізілген/тізімнен алып тасталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қолма-қол береді.

Жұмыскерлерді және/немесе инсайдерлерді тізімге енгізу (тізімнен алып тастау) туралы хабарламалардың түпнұсқаларын осы баптың 8-тармағында көрсетілген бөлімшелер олар құрылған/қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комплаенс бөлімшесіне береді.

Биржа мүшелері, оның ішінде бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары үшін инсайдерлер тізіміне енгізу (тізімнен алып тастау) туралы хабарламалардың түпнұсқалары мониторинг бөлімшесінде сақталады, олардың көшірмелері олар жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде комплаенс бөлімшесіне жіберіледі.

10. Комплаенс бөлімшесі осы Ережелерге сәйкес жіберілген және алынған хабарламалардың есебін жүргізеді және оларды сақтайды.
11. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында басқа мерзім белгіленбесе, хабарламалар сәйкес тұлға тізімнен алып тасталғаннан кейін кемінде 3 (үш) жыл Биржада сақталады.
12. Инсайдерлердің тізімін Биржа уәкілетті органның жазбаша сұрауы бойынша осы сұрауда көрсетілген мерзімде береді.

7-бап. Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

1. Биржаның инсайдерлері:
- 1) Заңның және осы Ережелердің инсайдерлік ақпаратты пайдалануға және оған билік етуге қатысты талаптарын білуге;
 - 2) инсайдерлік ақпаратты ресми түрде жария еткенге (жариялағанға дейін) оның құпиялылығын қамтамасыз етуге;
 - 3) эмитент және ол шығарған (берген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету тәртібі мен шарттарын сақтауға, инсайдерлік ақпаратты тек Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Ережелерге және Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес пайдалануға;

- 4) Биржаның корпоративтік интернет-сайтында жарияланған инсайдерлік ақпараттың тізіміне енгізілетін өзгеріс пен толықтыруды өз бетімен қадағалауға міндетті.
2. Биржа инсайдерлерінің:
 - 1) бағалы қағаздармен және басқа туында қаржы құралдарымен мәміле жасасқан кезде инсайдерлік ақпаратты пайдалануына;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа кезде инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруіне немесе қолжетімді етуіне;
 - 3) инсайдерлік ақпараттың негізінде үшінші тұлғаларға бағалы қағаздармен мәміле жасасу жөнінен ұсыным немесе ұсыныс беруіне тыйым салынады.
3. Осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптармен қатар Биржа жұмыскерлері:
 - 1) инсайдерлер тізімінен шығарылғанда, өзінің қолындағы инсайдерлік ақпарат жазылған барлық ақпарат тасымалдағышты Биржаға тапсыруға;
 - 2) осы Ережелердің 7-қосымшасында берілген нысан бойынша орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған барлық шотының нөмірін көрсете отырып, ол шот ашылған күннен немесе осы Ережелердің 8-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес хабарламаны алған күннен кейінгі 10 (он) он жұмыс күнінен кешіктірмей Биржаға хабарлауға міндетті.
4. Биржаның жұмыскерлері инсайдерлік ақпарат көрсетілген құжаттардың, фйлдардың, сейфтердің (қоймалардың) кілттерінің, рұқсат қағаздарының, парольдерінің жоғалуы немесе жетіспеушілігі туралы немесе инсайдерлік ақпаратқа заңсыз қол жеткізу анықталғаны туралы және басқа да ұқсас фактілер мен жағдайлар туралы өздерінің тікелей басшысына немесе оның орнындағы тұлғаға тез арада хабарлауға міндетті.
5. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын және оны өздерінің қызмет бабы мен еңбек міндеттеріне байланысты пайдаланатын Биржа жұмыскерлері қорғалатын ақпаратпен жұмыс істеу тәртібін регламенттейтін Биржаның ішкі құжатының және Биржаның өзге де ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, инсайдерлік ақпаратты құпиялылық режимін қамтамасыз ететін жағдайларда сақтауды жүзеге асыруға тиіс.
6. Биржа Биржа бөлімшелерінің инсайдерлік ақпараттың құпиялылық режимін сақтауы үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шарттарды қамтамасыз етеді, оның ішінде:
 - 1) еңбек шартына және азаматтық-құқықтық шарттарға тиісті талаптарды енгізу арқылы;
 - 2) ақпаратты жоғалтудан және заңсыз, соның ішінде байланыс арналары арқылы қол жеткізуден сақтайтын ақпараттық-техникалық жүйелердің және инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қорғау құралдарының болуы арқылы;
 - 3) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес айқындалатын басқа да шараларды қолдану арқылы қамтамасыз етеді.

8-бап.

Инсайдерлік ақпаратқа заңсыз билік етуге және пайдалануға жол бермеу жөніндегі іс-шаралар

1. Инсайдерлік ақпараттың заңсыз қолданылуына жол бермеу мақсатында Биржа төмендегі іс-шараларды өткізеді:

- 1) инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Биржаның инсайдерлік ақпаратты қалыптастыруын немесе беруін реттейтін Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес ашып көрсету;
 - 2) қадағалау бөлімшесінің жұмыскерлердің тізіміне енгізілген жеке тұлғаларға Биржада осы шоттарды пайдалана отырып жасалған мәмілелерге мониторинг жүргізу үшін орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған өздерінің жеке шоттары туралы ақпаратты қадағалау бөлімшесіне беру қажеттігі туралы ай сайын хабарлауы;
 - 3) жұмыскерлер тізіміне енгізілген жеке тұлғалардың бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) Биржада жасалған мәмілелері туралы қадағалау бөлімшесі әзірлеген тоқсан сайынғы есепті Биржа Басқармасының қарауы;
 - 4) осы Ережелердің және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жұмыскерлер тізіміне енгізілген тұлғалардың инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану жағдайларын анықтау.
2. Қадағалау бөлімшесі төмендегі жолдармен инсайдерлік ақпараттың пайдаланылуына ішкі бақылау жасайды:
- 1) осы Ережелердің талаптарын орындауын тексеру арқылы Биржаның және жұмыскерлер тізіміне енгізілген жеке адамдардың Қазақстан Республикасының инсайдерлік ақпарат туралы заңнамасының және осы Ережелердің талаптарын орындауына мониторинг жүргізу арқылы;
 - 2) болжамды инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану арқылы жасалған мәмілелерді анықтау мақсатында Биржа жұмыскерлерінің шоттарын пайдалана отырып, Биржада жасалған мәмілелерге мониторинг жүргізу арқылы.
3. Биржаның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес инсайдерлік ақпаратты ашып көрсетуге бағытталған шараларды уақытылы қолдану арқылы инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету тәртібінің және мерзімдерінің сақталуына бақылау жасайды.
4. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген ішкі бақылау шараларын қолдану нәтижесінде инсайдерлік ақпаратқа заңсыз қол жеткізу немесе заңсыз пайдалану мүмкіндіктері анықталған жағдайда, Биржаның қадағалау бөлімшесінің жұмыскерлері осындай мүмкіндіктерді азайту/жою жөніндегі ұсынымдарын көрсете отырып, Биржаның Басқарма төрағасына қызметтік хат жолдайды.
5. Биржа жұмыскерлерінің инсайдерлік ақпаратқа заңсыз қол жеткізу немесе инсайдерлік ақпаратты Биржада бағалы қағаздармен (туында қаржы құралдарымен) мәміле жасасу мақсатында пайдалануы фактілері анықталған жағдайда, Биржаның қадағалау бөлімшесінің жұмыскерлері осы ақпаратты тез арада Биржа Басқармасының назарына жеткізіп, тәртіп бұзушыға (тәртіп бұзушыларға) қатысты тәртіптік немесе азаматтық-құқықтық жауапкершілік шараларын қолдануға бастамашылық жасайды.
6. Биржа жұмыскерлері өздеріне белгілі болған төмендегілер туралы кез келген факті туралы тікелей басшысына және Биржаның қадағалау бөлімшесінің жұмыскерлеріне тез арада хабарлауға міндетті:
- 1) лауазымдық міндеттеріне сәйкес өздері ашып көрсетпеуге тиіс, бірақ клиенттерден немесе өзге тұлғалардан өздеріне белгілі болған инсайдерлік ақпарат туралы;
 - 2) инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуге рұқсаты жоқ тұлғалардың инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатыны туралы;

- 3) Биржа жұмыскерлерінің, Биржа инсайдерлерінің, Биржаның клиенттері мен серіктестерінің инсайдерлік ақпаратты заңсыз, соның ішінде өз мүддесінде, сондай-ақ жоғарыда көрсетілен тұлғалардың кез келгенінің туыстарының мүддесінде пайдалануы туралы.
7. Биржалық сауда-саттықта өткізілген операция инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану арқылы жүргізілді деп болжауға негізі бар Биржа жұмыскерлері бұл туралы Биржаның қадағалау бөлімшесіне тез арада хабарлауға міндетті.

9-бап.

Тұжырымды қағидалар

1. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз алғаны, пайдаланғаны, бергені үшін тиісті тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Биржаның ішкі құжаттарының және Биржамен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес тәртіптік, азаматтық-құқықтық, әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.
2. Биржа инсайдерлік ақпараттың заңсыз қолданылуына кінәлі тұлғалардан Биржа осы тұлғалардың заңсыз әрекеттерінің салдарынан көтерген залалды өтеуді талап етуге құқылы.
3. Осы Ережелерде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржаның жарғысында, ішкі құжаттарында, сондай-ақ Биржаның органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретінің шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдерінде белгіленген тәртіппен реттеледі.
4. Осы Ережелерге уақытылы өзгеріс және/немесе толықтыру енгізу (өзекті ету) үшін жауапкершілік комплаенс бөлімшесіне жүктеледі.
5. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай өзекті етілуге тиіс.
Осы Ережелер қолданысқа енгізілген күннен бастап, ал өзекті етілген жағдайда – оларға енгізілген соңғы өзгеріс және/немесе толықтыру қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір 36 (отыз алты) айда кемінде бір рет өзекті ету қажеттілігіне қайта қаралуға тиіс.
6. Биржаның әрбір жұмыскері Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен осы Ережелердің мазмұнымен танысуға тиіс.

Басқарма төрағасы

А. Мухамеджанов

Инсайдерлік ақпараттың
пайдаланылуын
бақылау ережелерінің
4-қосымшасы

Инсайдерлік ақпараттың ТІЗБЕСІ

№	Атауы	Жариялау мерзімі
А	1	2
1	"Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың (бұдан әрі – Биржа) бағалы қағаздары (туынды бағалы қағаздары) және олармен жасалған мәмілелер туралы ақпарат, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (ұсынған) эмитент ретінде Биржа туралы ақпарат, ашып көрсетілуі Биржаның бағалы қағаздарының (туынды қаржы құралдарының) құнының өзгеруіне ықпал етуі мүмкін ақпарат	
1.1	Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес солар туралы ақпарат акционерлердің назарына жеткізілуге тиіс мәселелер тізбесі бойынша Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер	Нормативтік құқықтық актіге ¹ (бұдан әрі – НҚА) сәйкес ¹
1.2	Биржаның басқару органының, атқарушы органының құрамын, сондай-ақ Биржаның басқару органының, атқарушы органының құрамындағы өзгерістерді көрсете отырып, Биржаның басқару органын, атқарушы органын сайлау туралы	НҚА-ға сәйкес
1.3	Биржаның дауыс беретін акцияларының 10 (он) және одан көп пайызын иеленетін акционерлердің (қатысушылардың) құрамының өзгеруі туралы	НҚА-ға сәйкес
1.4	төмендегі мәселелер туралы шешім қабылдауға уәкілетті Биржаның Директорлар кеңесі қабылдаған келесі шешімдер туралы: акционерлердің (қатысушылардың) жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру; акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы; егер қоғам сатып алатын акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының 1 (бір) пайызынан асып түссе, Биржаның орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы; облигациялар мен туынды бағалы қағаздарды шығару туралы;	НҚА-ға сәйкес

¹ Бұдан әрі НҚА – "Эмитенттің ақпаратты ашып көрсету қағидаларын, Эмитент ашып көрсетуге тиіс ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашып көрсету мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы No 189 қаулысы.

№	Атауы	Жариялау мерзімі
	ірі мәмілелерді және бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін: Биржаның оларды жасасуға мүдделігі бар және Биржаның уәкілетті органы осындай мәміле жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны Биржаның активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иелігінен шығаруға байланысты мәміле болып табылатын мәмілелерді жасасу туралы;	
1.5	Биржа осындай әрбір ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) 10 (он) және одан көп пайызын иеленетін ұйымдардың тізіміндегі өзгерістер туралы	НҚА-ға сәйкес
1.6	Биржаның ірі мәмілелерді және бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін: Биржаның оларды жасасуға мүдделігі бар және Биржаның уәкілетті органы осындай мәміле жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны Биржаның активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иелігінен шығаруға байланысты мәміле болып табылатын мәмілелерді жасасу туралы	НҚА-ға сәйкес
1.7	Биржаны мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы, сондай-ақ оның еншілес және тәуелді ұйымдарын мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы сот шешімі туралы	НҚА-ға сәйкес
1.8	Биржаның мүлкін Биржаның активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын сомаға кепілге (қайта кепілге) беру, сондай-ақ Биржаның мүлкін Биржаның активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын сомаға кепілден (қайта кепілден) шығару туралы	НҚА-ға сәйкес
1.9	құны Биржаның активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Биржаның мүлкіне тыйым салу (мүліктен тыйымды алу) туралы	НҚА-ға сәйкес
1.10	Биржаның активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде Биржаның қарыз алуы, сондай-ақ осы қарыз бойынша негізгі борышты және есептелген сыйақыны толық өтеу туралы	НҚА-ға сәйкес
1.11	нәтижесінде баланстық құны Биржаның активтерінің жалпы мөлшерінің 10 (он) және одан көп пайызын құраған Биржаның мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталғаны туралы	НҚА-ға сәйкес
1.12	сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы туралы	НҚА-ға сәйкес
1.13	Биржаның қызметінің негізгі түрлерін өзгертуі туралы	НҚА-ға сәйкес
1.14	Биржаның лауазымды тұлғаларының Биржаның дауыс беретін акцияларының 10 (он) пайызынан азын және/немесе Биржаның еншілес (тәуелді) ұйымдарының дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) 10 (он) пайызынан азын сатып алуы немесе өткізуі туралы	Сатып алған (өткізген) күннен бастап 10 (он) жұмыс күні
1.15	Биржаны, оның еншілес және тәуелді ұйымдарын қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы	Шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні

Инсайдерлік ақпараттың пайдаланылуын бақылау ережелері

№	Атауы	Жариялау мерзімі
1.16	Биржаның ұйымның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) 10 (он) және одан көп пайызын сатып алуы немесе өткізуі туралы	Шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні
1.17	Биржаның бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастыру қызметін жүзеге асыруға лицензия және лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асыруға оларды алу және олардың қолданысын уақытша немесе біржола тоқтату Биржаның қызметіне елеулі ықпал ететін басқа да лицензиялар алуы, олардың қолданысының уақытша немесе біржола тоқтатылуы туралы	шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні
1.18	Биржаның жылдық қаржылық есептілігі (оның ішінде Биржаның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері, Биржаның қаржылық есептілігінің мазмұны туралы), Биржаның қаржылық есептілігіне жасалған аудиторлық есеп	НҚА-ға сәйкес
1.19	Биржаның әкімшіліктік жауапкершілікке тартылуы туралы	Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес
1.20	соттың Биржаға және/немесе оның еншілес және тәуелді ұйымдарына қатысты банкроттық және/немесе банкроттық процедурасын жүргізу туралы істі қозғауы	Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес
1.21	Биржаға, оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарына қанағаттандыруы Биржаның, оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қаржылық жағдайына немесе шаруашылық қызметіне елеулі ықпал етуі мүмкін талап арыз берілгені туралы	Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес
1.22	Биржаның дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан көп пайызын иеленетін акционерлердің (қатысушылардың) құрамы туралы	НҚА-ға сәйкес
1.23	Биржа ұйымдастырылмаған нарықта акцияларын кері сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесі	НҚА-ға сәйкес
1.24	шоғырландырылмаған тоқсандық қаржылық есеп және басқа ақпарат: бухгалтерлік баланс және пайда мен шығын туралы есеп	НҚА-ға сәйкес
1.25	Биржаның мемлекеттік емес облигацияларды шығару проспектісінде көзделген шарттарды орындамауы, осы акционерлік қоғам жасаған дефолт фактілері туралы ақпарат	НҚА-ға сәйкес
2	Сауда-саттықты ұйымдастырушы ретінде Биржа алатын және қалыптастыратын ақпарат	
2.1	Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілген өтінімдер туралы кез келген мәлімет, сондай-ақ өтінімдер туралы мәліметтердің негізінде қалыптастырылған есептілік пен басқа да құжаттар	Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес
2.2	тиісті тараптың жазбаша келісімі немесе бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны ашып көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге нысанда берілген келісім бойынша мәмілені жасауға бастамашы	Қазақстан Республикасының заңнамасына және

Инсайдерлік ақпараттың пайдаланылуын бақылау ережелері

№	Атауы	Жариялау мерзімі
	болған тараптарға берілген бір-бірі туралы мәліметтерді қоспағанда, Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер туралы кез келген мәлімет, олардың расталу немесе расталмау, орындалу немесе орындалмау фактісіне тәуелсіз, сондай-ақ сауда-саттық нәтижелері бойынша жасалған есептілік пен басқа да құжаттар	Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес
2.3	Биржа мүшелерінің қаржы құралдары бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттық және қаржы құралдары бойынша жазылу өткізуге өтініштері, сондай-ақ өткізілуі жоспарланған арнайы мамандандырылған сауда-саттық параметрлері туралы мәліметтер көрсетілген кез келген басқа да материал	Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес
2.4	биржалық сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттық шоттары туралы ақпарат	Ашып көрсету талап етілмейді
2.5	Биржаның қадағалау функциясын атқаруы аясында әзірленетін кез келген материал мен құжат	Ашып көрсету талап етілмейді
2.6	қадағалау бөлімшесінің сауалы бойынша ұйымдар тапсыратын мәміле/мәмілелер жасау мән-жайлары туралы мәліметтер	Ашып көрсету талап етілмейді
2.7	бағалы қағаздар нарығындағы айла-шарғы туралы жалпыға бірдей қолжетімді емес ақпарат	Ашып көрсету талап етілмейді
2.8	компанияның бағалы қағаздарын Биржаның тізімдеріне енгізу (тізімдерінен алып тастау), сондай-ақ оларды бір тізімнен екінші тізімге (алаңға немесе санатқа) ауыстыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан басқа елдердің заңнамасына сәйкес шығаруға арналған облигацияларды (депозитарлық қолхаттарды) Биржаның ресми тізіміне енгізуге келісім беру туралы шешімдер	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.9	борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыны (негізгі борышты) төлеу бойынша ереже бұзуға жол берген листингтік компанияларға қатысты шешімдер	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.10	Биржаның сауда-саттық ұйымдастырушысы ретіндегі қызметіне байланысты Биржаның ішкі құжаттарын немесе оларға енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды қолданысқа енгізу туралы шешімдер	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.11	ұйымдарды Биржаның мүшесі етіп қабылдау және Биржа мүшелігінен шығару туралы шешімдер және/немесе ақпарат	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.12	Биржа мүшесін Биржа өткізетін сауда-саттыққа жіберу немесе Биржа мүшесін сауда-саттыққа қатысудан шеттету туралы шешімдер және/немесе ақпарат	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.13	Биржа мүшесіне маркет-мейкер мәртебесін беру немесе осындай мәртебеден айыру туралы шешімдер және/немесе ақпарат	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.14	Биржа алдындағы және/немесе сауда-саттықтың басқа да қатысушылары алдындағы өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін Биржа мүшелеріне қатысты Биржаның ішкі құжаттарында көзделген айыппұл санкцияларын қолдану туралы шешімдер және/немесе ақпарат	Ашып көрсету талап етілмейді

Инсайдерлік ақпараттың пайдаланылуын бақылау ережелері

№	Атауы	Жариялау мерзімі
2.15	Биржада қаржы құралдарымен сауда-саттықты ашу, қайта бастау, уақытша тоқтату немесе біржола тоқтату туралы шешімдер және/немесе ақпарат	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.16	қаржы құралдарын Биржадағы айналысқа (сауда-саттыққа) жіберу, сондай-ақ айналысқа (сауда-саттыққа) жіберілген қаржы құралдары тізімнен алып тастау туралы шешімдер және/немесе ақпарат	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.17	Биржадағы қаржы құралдарымен сауда-саттық режимін өзгерту туралы шешімдер және/немесе ақпарат	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.18	ұйымға биржалық нарықтың белгілі бір секторы бойынша сауда-саттықтың клирингтік қатысушысы мәртебесін беру, осындай мәртебені беру туралы шартты бұзу немесе тоқтату туралы шешімдер және/немесе ақпарат	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.19	Биржада айналысқа жіберілген қаржы құралдарының белгілі бір тобы бойынша немесе Биржадағы сауда-саттыққа қатысушылардың белгілі бір тобы үшін есеп айырысу режимін белгілеу, сондай-ақ осындай есеп айырысу режимін өзгерту туралы шешімдер және/немесе ақпарат	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.20	Есеп айырысу және нарықтық әдістермен айқындалатын бағалы қағаздардың бағасына, сондай-ақ осындай бағалау критерийлері мен алгоритмдерін анықтауға қатысты шешімдер және/немесе ақпарат	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.21	биржалық индекстер мен индикаторларды есептеуге, сондай-ақ олардың өкілдік тізімдерін қалыптастыруға байланысты шешімдер және/немесе ақпарат	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.22	Биржаның ең ерекшеденген мүшелерін және листингтік компанияларын анықтауына және марапаттауына байланысты шешімдер және/немесе ақпарат	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.23	Биржа қаржы құралдарын клирингте пайдаланатын тәуекел параметрлерін есептеу әдістемесі, осы әдістемеге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасы	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.24	Биржа қаржы құралдарын клирингте пайдаланатын тәуекел параметрлері және оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасы	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.25	Биржа тізіміндегі бағалы қағаздар эмитенттерінің тәуекел деңгейін бағалау әдістемесі, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар	Ашып көрсету талап етілмейді
2.26	Биржа тізімінде тұрған бағалы қағаздар эмитенттерінің тәуекел деңгейін бағалау нәтижелері туралы ақпарат	Ашып көрсету талап етілмейді
2.27	Биржа мүшелерінің қаржылық жағдайын бағалау әдістемесі, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар	Ашып көрсету талап етілмейді
2.28	бағалы қағаздар эмитенттерінің және Биржа мүшелерінің қаржылық жағдайын бағалау нәтижелері туралы ақпарат	Ашып көрсету талап етілмейді
2.29	T+ схемасы бойынша есеп айырысуға рұқсат етілген бағалы қағаздардың тізімдері және осы тізімдерге енгізілген өзгерістер	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес

Инсайдерлік ақпараттың пайдаланылуын бақылау ережелері

№	Атауы	Жариялау мерзімі
2.30	Т+ схемасы бойынша есеп айырысу кезінде Биржа қамтамасыз ету ретінде қабылдаған бағалы қағаздардың тізімдері және осы тізімдерге енгізілген өзгерістер	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.31	Орталық контрагент ретінде Биржаның мақсаттары үшін бағалы қағаздардың өтімділігін бағалау әдістемесі	Ашып көрсету талап етілмейді
2.32	Орталық контрагент ретінде Биржаның мақсаттары үшін бағалы қағаздардың өтімділігін бағалау нәтижелері	Ашып көрсету талап етілмейді
2.33	Биржа мүшелерінің құрылтай құжаттары, олардың қаржылық есептілігі және осы есептілік бойынша аудиторлық есептер, Биржа мүшелерінің корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат, Биржа Биржаның мүшелерінен алған және жариялануға тиіс басқа да құжаттар мен ақпарат	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.34	Биржа мүшесінің органдары қабылдаған шешімдер туралы мәліметтер	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.35	Биржа мүшесінің акционерлерінің (қатысушыларының) құрамындағы өзгеріс туралы мәлімет	Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес
2.36	Биржалық қызмет ережелеріне сәйкес Биржа клиринг қызметін жүргізетін қаржы құралдары бойынша клирингтік қатысушылар мен олардың клиенттерінің жайғасымдарын есепке алуға, сондай-ақ Биржаның клиринг қызметін жүргізу нәтижелері бойынша сауда-саттықтың клирингтік қатысушыларының нетто-талаптары мен нетто-міндеттемелерін есепке алуға арналған клиринг жүйесіндегі тіркелімдерде қамтылған ақпарат	Ашып көрсету талап етілмейді
2.37	орталық депозитарийге немесе өзге есеп айырысу ұйымына берілетін тапсырмаларда (есеп айырысу туралы бұйрықтарда) көрсетілген ақпарат	Ашып көрсету талап етілмейді
2.38	клирингтік қатысушыларға арналған клирингтік қызметтің нәтижелері бойынша есепте қамтылған ақпарат	Ашып көрсету талап етілмейді
2.39	клирингтік қатысушылардан және биржалық сауда-саттыққа қатысушылардан алынатын мәліметтер	ашып көрсету талап етілмейді
2.40	бағалы қағаздар эмитенттерінің қаржылық есептері және осы есептер бойынша аудиторлық есептер, бағалы қағаздар эмитенттерінің корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес ақпаратты ашып көрсету жөніндегі өз міндеттемелерін орындау үшін Биржа айналысқа шығаруға рұқсат беру бастамашыларынан және бағалы қағаздар эмитенттерінен алынған басқа да құжаттар мен ақпарат	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес
2.41	Биржаның ішкі құжаттарының және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес бағалы қағаздардың ресми тізімде болуы кезінде Биржаға тапсырылатын ақпарат пен құжаттар	Биржаның ішкі құжаттарының сәйкес

Инсайдерлік ақпараттың
пайдаланылуын
бақылау ережелерінің

2-қосымшасы

**XXXX жылғы XX айдағы жағдай бойынша
«Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың
инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын
ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ**

№	Заңды тұлғаның атауы (орналасқан жері, мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) растайтын құжаттың деректемелері / Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болса)	Жеке тұлғаның туған күні	Жеке тұлғаның санаты/бөлі мшесі	Тізімге енгізудің негізі	Тізімге енгізуге негіз пайда болған күн	тізімнен алып тасталған күн және оның негізі
1	2	3	4	5	6	7

Қол қоюға уәкілетті тұлға_____.

Инсайдерлік ақпараттың
қолданылуын
бақылау ережелерінің

3-қосымшасы

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ инсайдер деп танылған бағалы қағаздар
эмитенттерінің инсайдерлік ақпаратына өзінің қызмет бабына және еңбек
міндеттеріне байланысты қол жеткізе алатын "Қазақстан қор биржасы" АҚ**

ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

№	Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болса)	Жеке тұлғаның туған күні	Жеке тұлғаның санаты/бөлі мшесі	Тізімге енгізудің негізі	Тізімге енгізуге негіз пайда болған күн	тізімнен алып тасталған күн және оның негізі
1	2	3	4	5	6	7

Қол қоюға уәкілетті тұлға _____.

Инсайдерлік ақпараттың
қолданылуын
бақылау ережелерінің

4-қосымшасы

"Қазақстан қор биржасы" АҚ инсайдер деп танылған бағалы қағаздар эмитенттерінің инсайдерлік ақпаратына өзінің қызмет бабына және еңбек міндеттеріне байланысты қол жеткізе алатын "Қазақстан қор биржасы" АҚ жұмыскерлерінің тізіміне және "Қазақстан қор биржасы" АҚ инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалардың тізіміне енгізу (тізімнен алып тастау) туралы

Х А Б А Р Л А М А

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі – Заң) 56-1-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Сіз "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлға болып табыласыз.

Заңның 56-1-бабының 5-тармағының 5) тармақшасына және 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Сіздің Биржа инсайдер деп танылған бағалы қағаздар эмитенттерінің инсайдерлік ақпаратына өзінің қызмет бабына және еңбек міндеттеріне байланысты қол жеткізе алатын Биржа жұмыскерлерінің тізіміне және Биржаның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалардың тізіміне енгізілгеніңіз (тізімнен алып тасталғаныңыз) туралы хабарлаймыз.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты, Заңның 56-1-бабының 4-тармағына сәйкес, Сізге:

- 1) бағалы қағаздармен және өзге де туында қаржы құралдарымен мәміле жасасқан кезде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа кезде инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе қолжетімді етуге;
- 3) инсайдерлік ақпараттың негізінде үшінші тұлғаларға бағалы қағаздармен мәміле жасасу жөнінен ұсыным немесе ұсыныс беруге тыйым салынады.

Сіздің инсайдерлік ақпаратты тек Қазақстан Республикасы заңнамасының, Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес пайдалануға құқығыңыз бар және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаныңыз және билік еткеніңіз үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты боласыз.

Инсайдерлік ақпараттың пайдаланылуын бақылау қағидаларының 7-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған барлық шот туралы шот ашылған күннен бастап немесе осы хабарламаны алған күннен кейінгі 10 (оныншы) жұмыс күнінен кешіктірмей олардың нөмірлерін көрсете отырып, Биржаға хабарлауға міндеттісіз.

1.	Тегі, аты, әкесінің аты (болса)	
2.	Туған күні	
3.	Құрылымдық бөлімше	
4.	Тізімге енгізудің негізі	
5.	Тізімге енгізуге негіз пайда болған күн	
6.	Тізімге енгізген адамның қолы	
7.	Тізімнен алып тасталған күн	
8.	тізімнен алып тастаған адамның қолы	

қолы

Орындаушының тегі мен инициалдары

Инсайдерлік ақпараттың
қолданылуын
бақылау ережелерінің

5-қосымшасы

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын
тұлғалардың тізіміне енгізу (тізімнен алып тастау) туралы**

Х А Б А Р Л А М А

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі – Заң) 56-1-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Сіз "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлға болып табыласыз.

Заңның 56-1-бабының 5-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Сіздің Биржаның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалардың тізіміне енгізілгеніңізді хабарлаймыз.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Заңның 56-1-бабының 4-тармағына сәйкес Сізге:

- 1) бағалы қағаздармен және өзге де туында қаржы құралдарымен мәміле жасасқан кезде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа кезде инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе қолжетімді етуге;
- 3) инсайдерлік ақпараттың негізінде үшінші тұлғаларға бағалы қағаздармен мәміле жасасу жөнінен ұсыным немесе ұсыныс беруге тыйым салынады.

Сіздің инсайдерлік ақпаратты тек Қазақстан Республикасы заңнамасының, Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес пайдалануға құқығыңыз бар және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаныңыз және билік еткеніңіз үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты боласыз.

	Заңды тұлға инсайдер үшін	
1.	Заңды тұлғаның толық атауы	
2.	Заңды тұлғаның орналасқан жері	
3.	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) растайтын құжаттың деректемелері	
4.	Тізімге енгізудің (тізімнен алып тастаудың) негізі және енгізуге негіз пайда болған күн	
5.	тізімнен алып тасталған күн	
	Жеке тұлға инсайдер үшін	
1.	Тегі, аты, әкесінің аты (болса)	
2.	Туған күні	
3.	Тізімге енгізудің негізі	
4.	Тізімге енгізуге негіз пайда болған күн	
5.	тізімнен алып тасталған күн	

қолы

Орындаушының тегі мен инициалдары

Инсайдерлік ақпараттың
қолданылуын
бақылау ережелерінің
6-қосымшасы

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын
тұлғалардың тізіміне енгізу (тізімнен алып тастау) туралы**

Х А Б А Р Л А М А

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі – Заң) 56-1-бабының 3-тармағына сәйкес Сіз "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлға болып табыласыз.

Заңның 56-1-бабының 5-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Сіздің Биржаның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлғалардың тізіміне енгізілгеніңізді хабарлаймыз.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Заңның 56-1-бабының 4-тармағына сәйкес Сізге:

- 1) бағалы қағаздармен және өзге де туында қаржы құралдарымен мәміле жасасқан кезде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа кезде инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе қолжетімді етуге;
- 3) инсайдерлік ақпараттың негізінде үшінші тұлғаларға бағалы қағаздармен мәміле жасасу жөнінен ұсыным немесе ұсыныс беруге тыйым салынады.

Сіздің инсайдерлік ақпаратты тек Қазақстан Республикасы заңнамасының, Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес пайдалануға құқығыңыз бар және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаныңыз және билік еткеніңіз үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты боласыз.

	Заңды тұлға инсайдер үшін	
1.	Заңды тұлғаның толық атауы	
2.	Заңды тұлғаның орналасқан жері	
3.	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) растайтын құжаттың деректемелері	
4.	Тізімге енгізудің (тізімнен алып тастаудың) негізі және енгізуге негіз пайда болған күн	
5.	тізімнен алып тасталған күн	
6.	Заңды тұлғаның қолы	
	Жеке тұлға инсайдер үшін	
1.	Тегі, аты, әкесінің аты (болса)	
2.	Туған күні	
3.	Тізімге енгізудің негізі	
4.	Тізімге енгізуге негіз пайда болған күн	
5.	Тізімнен алып тасталған күн	
6.	Жеке тұлғаның қолы	

қолы

Орындаушының тегі мен инициалдары

Инсайдерлік ақпараттың
қолданылуын
бақылау ережелерінің
7-қосымшасы

Күні _____

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде қосалқы шот ашқаны туралы

Х А Б А Р Л А М А

№	Қосалқы шот нөмірі	Бірегей код	Қосалқы шот/бірегей код ашылған күн
1.	...		
2.	...		

қолы

Тегі және инициалдары